Бекітемін:
№9 «Бәйтерек» бөбекжайы
МКҚК директоры
Тұғанова М.У. ______
«31» ____08____ 2021ж

**Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.**
**«Бәйтерек» МАД тобы 2021 – 2022 жыл оқу жылы**

| Р/с | Іс – шаралар тақырыбы | Өткізілу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек<br>1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.<br>2. Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орыным»<br>3. Ата – аналар комитетін сайлау. | Ата – аналар жиналысы.<br>Пікірлерін тыңдау. | Топ тәрбиешілері:<br>Болегенова А.<br>Жумагазыева Э.<br>Әдіскер:<br>Жетесиновна А. |
| 2 | Желтоқсан<br>1. Балалар – біздің бақшамыз.<br>2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.<br>3. «Жаңа жыл» мерекесін өткізу | Іжарты жылдық есеп беру.<br>Ата – аналар жиналысы | Топ тәрбиешілері:<br>Болегенова А.<br>Жумагазыева Э.<br>Психолог:<br>Базарбаева Қ |
| 3 | Мамыр<br>1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-аналар комитетінің жылдық есебі.<br>2. Әртүрлі мәселелер | Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру.<br>Ата – аналар жиналысы | Тәрбиешілер:<br>Бөлегенова А . С<br>Жумагазыева Э.<br>**Әдіскер:**<br>Шангреева Айнур |

Жоспарды дайындаған тәрбиеші: Болегенова А.
Жумагазыева Э.

«Бәйтерек» бобекжайы МКҚК-нын

«Бәйтерек» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

**Хаттамасы №1**

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:5

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналаркомитетініңмүшелеінсайлау.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. ӘдіскерА. Жетесовна топтағы ата-аналарды бір-бірімен сонымен қатар топ тәрбиешілері А.Болегенова мен Э.Жумағазыевамен таныстырды. Ендігі кезекте ұйымдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі А.Болегенова «Менің отбасым және ондағы менің орыным», баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Жапарова Балсұлу баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Балиева Айгерім деп шешті.

**Шешім:**

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы тағайындалсын.

**Әдіскер________Шангреева А.Ж.**
**Хатшы________Жумагазыева Э.К.**
**Тәрбиеші________Болегенова А.С.**

«Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ның
«Бәйтерек» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
**Хаттамасы №2**

Қатысқаны: 16
Қатыспағаны: 9
Себепті:3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндамаоқыды
2. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Э.Жумагазыева баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.
Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Э.Жумагазыева балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге атсалысып қатысамыз деп шешті.
Үшінші мәселе бойынша психолог: Базарбаева Құрбангүл балалардың диагностикалық зерттеудің қорытындысымен таныстырып өтті. Ата –аналар баласының деңгейі туралы мәлімет алды. Сұрақтар қойып, сауалнамалар жүргізіп, талқылады.
Жиналыс соңында Э.Жумагазыева жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

**Шешім:**

1. Баяндаманы Э.Жумагазыева оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

**Әдіскер________Шангреева А.Ж.**
**Хатшы________Жумагазыева Э.К.**
**Тәрбиеші________Болегенова А.С.**

№9 «Бәйтерек» бобекжайы МКҚК-ның
«Бәйтерек» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

**Хаттама №3**

**Қатысқандар:**
**Әдіскер:** Шангреева Айнур
**Топ тәрбиешілері**: Бөлегенова А.
Жумагазыева Э.

**Ата-аналар:** 16
**Барлығы:** 19

**Күн тәртібінде:**

1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-аналар комитетінің жылдық есебі.
2. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**
Бірінші мәселе бойынша: Ата-ана комитеті Балиева Айгерім өзінің жылдық есебін берді. Ата-аналардың жыл бойына балабақшада өткен іс-шараларға белсене қатысып, балаларды дайындап, балабақшамен тығыз байланыста болғанын мақтанышпен айтты. Барлық ата-аналарға алғысын білдірді.
Тәрбиеші: Бөлегенова А.С. тәрбиешілермен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту, ұйымшылдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру мақсатында Сонымен қатар ата-аналарды балабақша аясында өткен іс-шаралармен таныстыру. Ата-аналарға отбасында тәрбие беруді сараптаушы жаднамасын түсіндіру. Балабақша аясы мен балабақшада атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Жыл бойындағы алған жетістіктерімен жеңістермен туралы жаңалығымен бөлісті.
Әртүрлі мәселе бойынша: тәрбиеші Жумагазыева Э. жазғы сауықтыру шараларының жұмыс жоспарымен таныстырды.Жазда балалар мектеп секілді демалысқа шықпайды. Сондықтан балабақшада түрлі қызықты көріністер , ертегілер, ойындар, сахналық қойылымдар , серуендерді тәрбиешілір алдын ала жоспарлап қояды. Сол жоспар бойынша іс шаралардың орындалуы мен қадағалап отырамын. Асфальт бетіне сурет салу сайысы да ұйымдастырылады. Бассейнге

,бірге күліп, қалай бала болып қалғанымды да білмеймін. Бәріміз жаз айында асыр салып , ойынмен өткіземіз. Жаз мезгілінде күн ыстық болатынын білесіздер, сол себепті балаларды бас киіммен келуі қадағаланса.

**Жарыс сөз.**

**Әдіскер:** Шангреева Айнуроз сөзінде ата-аналарға, топ тәрбиешіне жұмысына шығармашылық табыс тілеп алғысын білдірді. Биылғы оқу жылына керемет қызықты, жемісті, жеңісті болғанын айтты. Келесі оқу жылында бұданда жақсы жаңалық күтетінін айтты. Алдағы уақыттада балабақшаның гүлденуіне, өркендеуіне барлығымыз бірауыздан үлестерін қоса берейік деп аса сеніммен айтты.

**Ата-ана:**Балиева Айгерім өз сөзінде топ тәрбиешілеріне және балабақша ұжымына көп алғыс білдірді, балаларын көзінің қарашығындай сақтап, оларға тәлім-тәрбие беріп жарыстарға қатыстырып жүргендері үшін рахметін айтты, барлық ата-аналар қосылды.

**Шешім:**

Ата-ана комитеті Балиева Айгерім

1. Өзінің жылдық есебін берді деңгейінің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналар да балаларды бас киіммен жіберетінін айтып, барлығы бір ауыздан келісті.

**Әдіскер**_________**Шангреева А.Ж.**
**Хатшы**_________**Жумагазыева Э.К.**
**Тәрбиеші**_________**Болегенова А.С.**